



Утвержден постановлением  
акимата Жамбылской области  
от « 26 » июня 2014 года за № 194

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2014 жылғы «26» маусымдағы  
№ 194 қаулысымен бекітілген



**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының**

**ЖАРҒЫСЫ**



**УСТАВ**

**государственного коммунального предприятия  
на праве хозяйственного ведения «Городская  
поликлиника № 2 управления здравоохранения  
акимата Жамбылской области»**

**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**

**ЖАРҒЫСЫ**

**1. Жалпы ережелер.**

1.1. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 011040001715), әрі қарай «Кәсіпорын», Жамбыл облысы әкімдігінің № 194 «26» мауысым 2014 жылдағы және №246 «24» тамыз 2012 жылдағы қаулыларының негізінде редакциялық өзгерістер енгізуіне байланысты жарғының жаңа басылымын тіркейді.

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №2 қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының барлық міндеттемелері мен құқықтары бойынша құқықтық мирасқоры болып табылады.

1.2. Жамбыл облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады, әрі қарай Құрылтайшысы (Меншік иесі). Уәкілетті орган (мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы) – Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы болып табылады, әрі қарай «Уәкілетті орган».

1.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы», Қазақстан Республикасының заңына, сәйкес, осы «Жарғы» негізінде әрекет етеді.

1.4. Кәсіпорын Кәсіпорынның мүліктік құқығы болып табылатын, мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және заңнамамен орнатылған шектерде, өз қызметінің мақсаттарына, меншік иесінің тапсырмаларына және мүліктің бағытталуына сәйкес иелену, пайдалану және осы мүлікке билік ету құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік мүлікті иеленеді.

**1.5. Фирмалық атауы:**

мемлекеттік тілде – «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны».

орыс тілінде: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения акимата Жамбылской области».

1.6. Кәсіпорынның түрі – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

1.7. Кәсіпорынның орналасқан жері: пошталық индексі 080007, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Салтанат мөлтек ауданы, 29 «А» үй.

**2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі.**

2.1. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды тұлға болып табылады.

2.2. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы оқшау мүлкі, дербес балансы, банк мекемелерінде есептік және өзге шоттары бар өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар иелене және жүзеге асыра алатын және міндеттер көтере алатын заңды тұлға болып табылады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады.

2.3. Кәсіпорын құрылтайшының жазбаша келісімінсіз өзіне тиесілі үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды және Кәсіпорынның өзге негізгі қаражаттарын уақытша тегін пайдалануға беруге, ұзақ мерзімді жалға беруге (үш жылдан жоғары), иелігінен айыруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқылы.

2.4. 2.3. тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген мүліктермен жасалған мәмілелерден түскен ақшаларды Кәсіпорын дербес пайдаланады.

2.5. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауапты емес. Уәкілетті органның немесе құрылтайшының әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда мемлекет кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мұндай жағдайларда кәсіпорындардың несие берушінің талаптарын қанағаттандыруға қаражаттары жетпегенде мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

2.6. Кәсіпорын, өзіне шаруашылық жүргізу құқығына бекітілген, негізгі қорларға жатпайтын жылжытын мүлікке, заңда өзгеше белгіленбесе дербес билік етеді.

2.7. Құрылтайшы құрылып қойған кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылданған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы, егер де заңнамамен немесе Құрылтайшының шешімінде өзгеше белгіленбесе, онда мүлікті Кәсіпорынның дербес балансында бекіткен кезден бастап туындайды.

2.8. Шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті пайдаланудан түскен жемістер, өнімдер және табыстар, сонымен қатар, Кәсіпорын шарттар бойынша немесе өзге негіздерде алған мүліктері, заң актілерімен меншік құқығын иелену үшін орнатылған тәртіптерде Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

2.9. Мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне, оған қоса құзырлы органдардың Кәсіпорынның табысын алуына, мүліктерін өз еркімен бөлшектеуге жол берілгенде, мемлекеттік тапсырыстардың орнын ауыстырғанда, көрсететін Кәсіпорын шығаратын қызмет бағасын тағайындағанда, сонымен қатар, Кәсіпорынның құқы бұзылатын заңсыз іс әрекеттер жасағанда Кәсіпорын көрсетілген тәртіп бойынша сотқа шағымдануына құқылы.

2.10. Жарғылық тапсырмаларды шешу үшін Кәсіпорын құрылымдық бөлімшелерін құруға құқығы бар.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұрғындардың денсаулығын сақтау және нығайту, амбулаторлы-емханалық көмекте қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

3.2. Кәсіпорын қызметінің мәні:

- 1) жедел және созылмалы аурулар кезінде, жаракат алғанда, уланғанда немесе басқа да шұғыл жағдайларда пациенттерде дәрігерге дейінгі, білікті және арнайы медициналық көмек түрінде амбулаторлы-емханалық көмек көрсету;
- 2) бастапқы медико-санитарлы көмек көрсету;
- 3) кеңестік-диагностикалық көмек көрсету;
- 4) стационар алмастыру көмегін көрсету;
- 5) паллиативті көмек көрсету;
- 6) шұғыл медициналық көмек көрсету, оның ішінде үйден;
- 7) аурудың созылмалы түрі байқалған тұлғаларды динамикалық қадағалау;
- 8) пациенттердің сырқаттарын ерте байқау мақсатында тексерістен өткізу;
- 9) пациенттерді ауруханаға жолдау;
- 10) өмірге және еңбекке қабілеттілік жүйесі шектелген науқастарға алдын ала, жалғастырмалы және кеш мерзімдерде медициналық оңалту;
- 11) денсаулық сақтау саласындағы белгілі Уәкілетті органмен, алдын алу тексерулерінің барлық түрлері (скринингті, жұмысқа орналасу кезінде алдын алу тексерісі, үзіліссіз, мақсатты және т.б.);
- 12) ККТМК шеңберінде бекітілген тұрғындарды дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;
- 13) жұқпалы аурулар ошағында санитарлы-індетке қарсы (алдын алу) іс-шараларын өткізу;
- 14) уақытша еңбекке жарамсыз науқастар экспертизасы, еңбекке қабілеттілігін тұрақты жойған белгілері бар тұлғаларды Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігінің аймақтық органына жолдау;
- 15) статистикалық тіркеу және есеп жүргізу;
- 16) бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып аурудың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қабырға газеттері және көрнекілік ақпараттарды толтыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурудың алдын алу бойынша аудио-бейнематериалдарды күту орындары және дәліздерде тұрақты негізде айналдырып отыру;
- 17) өзі және қарымта көмек әдісімен тұрғындарды оқыту жолымен азаматтардың денсаулық қорғау процесіне халықты тарту, оның ішінде шұғыл және дағдарысты жағдайда, өзін сақтау қылықтарының дағдыларына үйрету;
- 18) волонтер және көшбасшылар, қоғамдық кеңестер, қолдау топтары, клуб, мектептер ұйымдастыру;
- 19) тұрғындарды гигиеналық оқыту;
- 20) отбасын, аналық, әкелік және балалықты қорғау, оның ішінде отбасын жоспарлау;
- 21) тұрғындарды қауіпсіз сумен жабдықтау және аралықты коректендіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 22) иммунопрофилактика ұйымдастыру және жүргізу;
- 23) алдын алу және скринингті бағдарламаларды тарату;
- 24) бекітілген тұрғындарға арнайы әлеуметтік қызмет және психологиялық көмек көрсету;
- 25) қатерлі ісік қауіпсіздігі бойынша, туберкулезді байқау, жыныс жолдарымен берілетін ауруларды байқау, денсаулық сақтау ұйымдарына сәйкес науқастарды байқау туралы ақпаратты дер кезінде беру бойынша емдік-диагностикалық шаралар өткізу;
- 26) емдеудің қолдау фазасында туберкулезбен ауыратын науқастарға химия терапия жасау;
- 27) медициналық айқытыру және санаторлы-курортты емдеуге іріктеу;
- 28) алдын алу, диагностика, емдеу және айықтыру қызметтерін іске асыру және жаңа технологияларын енгізу;
- 29) дәрігерлердің және орта медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар;
- 30) Кәсіпорынның қызметкерінің қызметін және құрылымдық бөлімшелерді тіркеу, Кәсіпорынның жұмысын сипаттайтын, статистикалық мәліметтерді талдау;
- 31) денсаулық сақтаудың басқа да ұйымдарымен және тізімдемелік әрекеттестіктердің үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- 32) заңнамаларға сәйкес бюджеттен тыс қаржыландыруды жүзеге асыру;
- 33) косметологиялық емдер, сумен емдеу процедурасын, укалау қызметі, жуу, жөндеу және құрылыс жұмыстарын орындауды ұйымдастыру, пациенттің туыстарының қалауы бойынша науқастарға күтім жасаудың жеке бекеттерін ұйымдастыру (дәрігер, медбикелер, тазалықшылар), «денсаулық» тобын құру (шейпинг және басқа да дене шынықтыру-сауықтыру шаралары);
- 34) Кәсіпорынның бюджеттен тыс қорын толықтыру үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның қолдағы бар ресурстарын пайдалану (тұрақтар, жеке және заңды тұлғаларға коммерциялық қызмет үшін жер аумақтары және мекемелерді жалға беру, медициналық қызмет көрсету бойынша сақтандыру компаниялары және басқа да ұйымдармен келісім шарт жасау. Асхана, кафе, жатақхана, қонақ үй, полиграфиялық, ритуалды және автокөлік қызметтерін, СТО, автожуғыш, автотұрақ, вулканизация, шаштараз ашу) есебінен түсетін бюджеттен тыс қаржыландыруды ұйымдастыру;
- 35) мемлекеттік тапсырыс және бюджеттен тыс қаржыландыру бойынша шығындарды талдауды жоспарлау;

36) материалды-техникалық камтамасыз ету, Кәсіпорынның шаруашылық қызмет етуі және негізгі қорды пайдалануды жақсарту.

3.3. Мемлекеттік лицензиялауға жататын, қызмет тек сәйкес лицензиясы болған жағдайда ғана Кәсіпорынмен жүзеге асырылады.

3.4. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген, оның қызметтік мақсатына және тапсырмаларына жауап бермейтін, істерді жүзеге асыруға, қызметті жүзеге асыруға құқысы жоқ.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

4.1. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері:

4.1.1. Кәсіпорында Кәсіпорын органы-байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

4.2.2. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын өлшемдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4.2.3. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4.2.4. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

4.2.5. Байқау кеңесінің өкілеттігі және отырыстарын өткізу тәртібі «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі туралы ережені, Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 10 қыркүйектегі №601 бұйрығына сәйкес реттеледі».

4.3. Уәкілетті органның ұсынысы бойынша «Байқау кеңесі» құрылады. Байқау кеңесінің келесі өкілеттіктері бар:

1) Уәкілетті органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Уәкілетті органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

4.4. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны 5 адамнан құралады, әрі бір-бірімен және Кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмауы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері Кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

4.5. Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесі мүшелері арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

4.6. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4.7. Байқау кеңесінің құрамына Уәкілетті органының өкілі, Кәсіпорынның басшысы кіреді. Кәсіпорынның басшысы байқау кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

4.8. Кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

4.9. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы байқау кеңесінің шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4.10. Уәкілетті органы байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Уәкілетті органы байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Кәсіпорынның басшысына және байқау кеңесінің мүшелері болып табылатын мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы Кәсіпорынның қаражаты есебінен төленеді.

4.11. Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындау мен өткізуді,

отырысқа материалдар ресімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстар материалдарына қолжетімді болуын қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

4.12. Байқау кеңесі хатшысының құзыреті мен қызметі Кәсіпорынның ішкі құжаттарында айқындалады.

4.13. Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Кәсіпорын мен Уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алдында жауаптылықта болады.

4.14. Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, Кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

4.15. Кәсіпорынды басқаруды, мемлекет тапсырыстарын Кәсіпорынға жеткізетін, оның орындалуын қадағалайтын Уәкілетті органы жүзеге асырады және келесі өкілеттіктерді иеленеді:

- Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің ағымдағы және болашақтағы жоспарларын, сонымен қатар жоспарлық қаржылық көрсеткіштерін, кезеңділігін және ұсыну тәртібін қарау және бекіту;
- Уәкілетті органға мерзімінде тиісті есеп бере отырып Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарлық көрсеткіштерінің орындалуын бақылау және талдау;
- басшыны тағайындау және Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған тәртіпте оны аттестациялауды өткізу;
- Кәсіпорын мүлкінің сақталуы және мақсатты пайдалануына бақылау жасау;
- оның құзырына Жарлықпен және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілерімен жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.
- Кәсіпорын басшысының орынбасарларын қызметке тағайындау немесе одан босату туралы ұсынысқа келісім береді.

### **5. Кәсіпорынның басшысының өкілеттігі.**

5.1. Уәкілетті орган заңды тұлға ретіндегі Кәсіпорын басқару органы – Кәсіпорынның басшысын тағайындайды.

5.2. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорындағы істердің жағдайы үшін құрылтайшысы мен Уәкілетті органының алдында дербес жауапкершілікте болады.

5.3. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңымен және осы Жарғымен анықталған, оның құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

5.4. Кәсіпорынның басшысы құқылы:

- Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етуге;
- Кәсіпорынның мүддесін барлық органдарда қорғауға;
- қолданыстағы заңнамамен орнатылған шектерде Кәсіпорын мүлкіне билік етуге;
- шарттар жасауға, сенімхаттар беруге;
- банктерде шоттар ашуға, өзге де мәмілелер жасауға;
- Кәсіпорынның барлық жұмысшыларына міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар беруге;
- Кәсіпорын жұмысшыларын жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығаруға;
- жұмысшыларға көтермелеу шараларын қолдану және жаза қолдануға;
- уәкілетті органға өз орынбасарларын қызметке тағайындау немесе одан босату туралы ұсыныс беруге.

5.5. Басшының орынбасарлары қызметке Кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша Уәкілетті органның келісімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

5.6. Басшының орынбасарлары өз құзыреті шегінде Кәсіпорын атынан сенімхат негізінде мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда әрекет етеді.

### **6. Кәсіпорынның жұмыс режимі**

6.1. Кәсіпорын жұмысшыларының демалысы және жұмыс уақытының күндік және апталық ұзақтығы, жұмыстың басталуы, аяқталуы, ауыспалылығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

### **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

7.1. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері **115 775 000** (жүз он бес миллион жеті жүз жетпіс бес мың) теңгеде анықталған.

### **8. Кәсіпорын мүлкін құру тәртібі**

8.1. Кәсіпорын мүлкін негізгі қорлар және айналымдық қаражаттар, сонымен қатар құны Кәсіпорынның дербес балансында көрсетілген құндылықтар құрайды.

8.2. Мүлктік кешен ретіндегі Кәсіпорын құрамына үйлерді, ғимараттарды, құрылғыларды, жабдықтарды, керек-жарақтарды, шикізаттарды, өнімдерді, жер учаскесіне құқықты, талап ету құқығын, қарыздарды қоса алғандағы шаруашылық жүргізуге берілген және оның қызметіне арналған барлық мүлік түрлері, сонымен қатар оның қызметін жекешелендіретін белгілер /фирмалық атауы, тауарлық белгі және өзге айрықша құқықтар кіреді.

8.3. Кәсіпорын мүлкі:

1. оған өкілетті органмен шаруашылық жүргізуіне берілген мүлік;
2. өз қызметі нәтижесінде алынған мүлік;
3. заңнамамен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

- 8.4. Кәсіпорын өз шаруашылық жүргізу құқығында тек өзіне өзінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажет, не осы қызмет өнімі болып табылатын мүлікті иелене алады.
- 8.5. Кәсіпорын негізгі қаражаттарға жататын, шаруашылық жүргізу құқығына бекітілген мүлікке қатысты сыйлық мәмілелерін жасауға және сатуға құқығы жоқ.
- 8.6. Кәсіпорын өзіне бекітілген мүлікті және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған қаражаттар есебінен алынған мүлікті тек Уәкілетті органның келісімімен ғана иеліктен айыра алады немесе өзге тәсілмен билік жасай алады. Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыспен қамтылмаған өз қызметтерін дербес жүзеге асырады. Кәсіпорын мемлекеттік тапсырыспен қамтылмаған өз қызметтерін дербес жүзеге асырады.
- 8.7. Кәсіпорын құрылтайшысы берілген, мүліктің тиімді пайданылуына және сақталуына бақылау жасайды.
- 8.8. Құрылтайшының шешімі бойынша мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, заңнамада көрсетілген меншік құқығын тоқтату тәртібі және негізі бойынша, сонымен қатар мүлікті құқықтық шекте алу жағдайларында тоқтатылуы мүмкін.
- 8.9. Кәсіпорын ескірген, тозған онан әрі пайдалануға жарамсыз мүліктерді мемлекеттік басқарудың Уәкілетті органының рұқсатымен, Кәсіпорын балансынан шығарып тастауға болады.

#### **9. Қызметтер, жұмыстар, тауарлар бағасы. Мемлекет тапсырысы.**

- 9.1. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді, қызметті дербес өткізеді.
- 9.2. Мемлекеттің тапсырысын орындау үшін Кәсіпорын өндірген және өткізген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағасын оларды өндіруге Кәсіпорынан шыққан шығынды толық жабады, оның қызметінің шығынсыздығын және өз пайдасынан қаржыландырылатындығын есепке ала отырып, өкілетті органның келісімімен Кәсіпорын анықтайды.
- 9.3. Кәсіпорынның мемлекет тапсырысынан басқа өндірген және өткізген тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне бағаны Кәсіпорын дербес анықтайды. Егер тауарларды (жұмыстардың, қызметтердің) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарт жасау мемлекет тапсырысымен көзделсе, онда Кәсіпорынның бұл шарттардан бас тартуға құқығы жоқ.
- 9.4. Кәсіпорын үшін мемлекет тапсырысын орындау міндетті.
- Егер тауарларды (жұмыстардың, қызметтердің) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарт жасау мемлекет тапсырысымен көзделсе, онда Кәсіпорынның бұл шарттардан бас тартуға құқығы жоқ.
- 9.5. Мемлекеттік тапсырыс Кәсіпорынға Уәкілетті орган арқылы жеткізіледі.
- 9.6. Мемлекет тапсырысымен қамтылмаған өнімдер (жұмыстар, қызметтер) Кәсіпорын мен дербес жүзеге асырылады.

#### **10. Кәсіпорын мен құрылтайшы арасындағы Кәсіпорын мен Уәкілетті органы, Кәсіпорын әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар.**

- 10.1. Құрылтайшы Кәсіпорынға қатысты меншік иесінің функцияларын орындайды, Жарғыны бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, Кәсіпорынға жарғылық капитал бөледі, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім шығарады.
- 10.2. Мемлекеттік басқарудың Уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысын, оның орынбасарларын бекітеді және оларды лауазымынан босатады, Кәсіпорынға мемлекеттік тапсырыстарды жеткізеді және оның орындалуын қадағалайды. Кәсіпорынға мүлікпен мәміле жасауға рұқсат береді, құрылтайшымен келісе отырып қайта құруды және таратуды жүзеге асырады.
- 10.3. Кәсіпорын жұмысшыларды әлеуметтік сақтандыру, өмірі мен денсаулығын, еңбек жағдайын жақсарту бойынша әлеуметтік саясат жүргізеді, жыл сайынғы демалысты бекітеді.
- 10.4. Кәсіпорынның еңбек ақы төлеу қорының көлемін жыл сайын уәкілетті органы анықтайды.
- 10.5. Еңбек ақы төлеу нысаны, штаттық кесте, қызметтік төлемдер көлемі, сыйлық беру және өзге марапаттау жүйесі Кәсіпорынмен орнатылған еңбекке ақы төлеу қоры шегінде дербес анықталады.
- 10.6. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің қызметтік төлемдерінің көлемі, оларға сыйлық тағайындау және өзге марапаттау жүйесі мемлекеттік басқарудың Уәкілетті органымен анықталады.
- 10.7. Кәсіпорын мен еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынас еңбек шартымен, ұжымдық шартпен және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларымен реттеледі.

#### **11. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

- 11.1. Кәсіпорынды қызметі мына жағдайларда тоқтатылады:
- Кәсіпорын қайта ұйымдастырылғанда;
  - Кәсіпорын таратылғанда;
- 11.2. Кәсіпорын құрылтайшының ұсынуы бойынша, Меншік иесінің шешімімен бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру арқылы қайта ұйымдастырылады.
- 11.3. Қайта ұйымдастыру кезінде Кәсіпорын Жарғысының күші жойылады.
- 11.4. Кәсіпорын Меншік иесінің шешімімен, сондай-ақ басқа да негіздер болған жағдайда заңнамамен көрсетілген тәртіппен таратылады.
- 11.5. Қабылданған шешім жөнінде меншік иесі аумақтық әділет органына хабарлайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша анықталмаса қайта ұйымдастыруды, таратуды Кәсіпорынның Уәкілетті органы жүзеге асырады.
- 11.6. Тарату комиссиясы құрылған сәттен бастап, оған Кәсіпорынды басқару өкілеттігі беріледі.
- 11.7. Тарату комиссиясы нақты ақша қаражаты мен бар мүлікті бағалайды, дебиторлармен және несие берушілермен,



**УСТАВ**  
**государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения**  
**«Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения**  
**акимата Жамбылской области»**

**1. Общие положения.**

1.1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения акимата Жамбылской области» (БИН 011040001715), далее «Предприятие» регистрирует новую редакцию устава на основании постановления акимата Жамбылской области за № 194 от «26» июня 2014 и №246 от «24» августа 2012 года, в связи с приведением в соответствии действующему законодательству.

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения акимата Жамбылской области» является правопреемником всех прав и обязанностей коммунального государственного казенного предприятия «Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения акимата Жамбылской области»

1.2. Учредителем Предприятия является Акимат Жамбылской области, далее «Учредитель» (Собственник), Уполномоченным органом (уполномоченный орган государственного управления) является «Управление здравоохранения акимата Жамбылской области», далее «Уполномоченный орган».

1.3. Предприятие действует в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О государственном имуществе» и другими нормативными правовыми актами, на основании настоящего «Устава».

1.4. Предприятие обладает государственным имуществом на праве хозяйственного ведения, являющегося вещным правом предприятия, получившем имущество от Государства как собственника и осуществляющего в пределах, установленных законодательством, в соответствии с целями своей деятельности, заданиями Собственника и назначением имущества, права владения, пользования и распоряжения этим имуществом.

**1.5. Фирменное наименование:**

на государственном языке - «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 2 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

на русском языке – Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 2 управления здравоохранения акимата Жамбылской области».

1.6. Вид предприятия - государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения.

1.7. Место нахождения Предприятия: почтовый индекс 080007, Республика Казахстан, Жамбылская область, город Тараз, микрорайон «Салтанат», дом 29 «А».

**2. Юридический статус предприятия**

2.1. Предприятие является юридическим лицом с момента его государственной регистрации.

